



«БЕКТЕМІН»

Политехникалық колледжінің директоры

А.Т.Искаков

**Политехникалық колледжіне оқуға түсушілерге арналған
қазақ тілі бойынша үлгілік емтихан сұрақтары**

1. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді табыңыз.
 - A) Күнсіздерге күн болған.
 - B) Терезеден күн түсіп тұр.
 - C) Күн сәулесі нұрын шашады.
 - D) Күнде-күнде осы жаттығуды қайталайды.
 - E) Күн ыстық екен.
2. Көнерген сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Қайсар Күреңтөбелді ерттей бастады.
 - B) Кәдуілгі, ағаш арасына ықтай қыстаған ауыл.
 - C) Қасындағы бар жолдасына қоржын тола манат, мақпал, сәлемдеме берілді.
 - D) Күреңтөбел мен Көкдауылдан қасқыр құтылған емес.
 - E) Төр бөлмеде шам жағылды.
3. Қазақ тіліне тән дыбыстар топтастырылған қатарды белгілеңіз.
 - A) ә, ғ, ү, к, н, ы, ұ, і, у
 - B) ғ, к, і, к, ә, н, ө, ү, ұ
 - C) ә, ғ, к, к, н, ө, ү, ұ, і
 - D) ы, ә, ғ, к, н, ө, ұ, і
 - E) һ, ә, ғ, к, н, ө, і, ұ, ү
4. Бірыңғай еріндік дауыстылардан құралған сөздерді табыңыз.
 - A) Отан, ел
 - B) бұлбұл, құс
 - C) ұрпақ, жәдігер
 - D) төзім, молшылық
 - E) уақиға, толқын
5. Бітеу буынды қатарды көрсетіңіз.
 - A) Баланың бас ұстазы – ата-ана.
 - B) Ынтымақтың түбі – игілік.
 - C) Тісі ауырғанның көңілін сұрамайды.
 - D) Бірлік болмай, тірлік болмас.
 - E) Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
6. Бірге жазылатын сөздерді көрсетіңіз.
 - A) кең өріс, балық шаруашылығы
 - B) қағаз бастылық, қалжың бас
 - C) дүние жүзі, бос сөз
 - D) ала аяқ, ал қызыл
 - E) ат спорты, ат жарыс
7. Туынды зат есімді табыңыз.
 - A) Тымақ – қысқы бас киім.
 - B) Таңертең Батырбек көзін ашып, дереу сағатына қарады.
 - C) Ғасырлар сырын шерткен халық даналығы көңіліне ой салды.
 - D) Мұндай шарт-шұрт қимылдар ұзаққасозылмайды да.
 - E) Жетектерінде жеңіл-желпі жүгін артқан жалғыз тайынша.
8. Мезгіл мәнді пысықтауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз.

- A) Күтіп жүрген адамы түнде келіпті.
- B) Одан әрірек жарқыраған теңіз жағалауы жатыр.
- C) Парашютпен ұшақтан секіруге құмар болдым.
- D) Бірде мынандай оқиға болған еді.
- E) Танертең жинамай кеткен төсегі сол күйінде жатыр.

9. Қатыстық сын есімді табыңыз.

- A) Көш жүре түзелер.
- B) Кішіпейілділік - кісі көркі.
- C) Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын.
- D) Әрлі болғанша, арлы бол.
- E) Жақсыға жақын көп.

10. Сын есімнен болған толықтауышты табыңыз.

- A) Санаулы сөз салмақты.
- B) Жаманға жолдас жақпас.
- C) Көрген асты көргенсіз қызғанады.
- D) Жалқау кісі жарым кісі.
- E) Көрмегенге көсеу таң.

11. Қате жазылған қатарды анықтаңыз.

- A) 1940 жылдан бастап оның өміріне өзгеріс енді.
- B) Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
- C) Екі есерге бір епті.
- D) Ауылда шамамен жүз елудей жылқы бар.
- E) Сізді 8-наурыз мерекесімен құттықтаймыз.

12. «Кей» есімдігінің дұрыс жазылған нұсқасын табыңыз.

- A) Кей біреуіне әлі ескертілмепті.
- B) Кей кезде шындап сағынатын.
- C) Өзегі өртенген кейуақыттарда пешке арқасын сүйеп отыра кететін.
- D) Құлағы тосаңдау естіп, кей бір кезде естіген сөзін ұға алмай қалып жүр.
- E) Мақсаты мен міндеттері кейадамдарға хабарланды.

13. Шығыс септігіндегі сөзбен тіркескен салт етістікті анықтаңыз.

- A) Жығылған күреске тоймайды.
- B) Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
- C) Көптің қолы көкке жетеді.
- D) Қорқақ коленкесінен де қорқады.
- E) Жылтырағанның бәрі алтын емес.

14. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

- A) Ер шешуде, нар кешуде сыналар.
- B) Екі қылыш бір қынапқа сыймайды.
- C) Аққу көлге, ер елге паналайды.
- D) Алтын тыққан адам арықтап өлер.
- E) Қазан сапырғанның да буы бар.

15. Етістіктің қалау райын анықтаңыз.

- A) Не ексең, соны орасың.
- B) Достары да білгендерінше айтып көрген.
- C) Екі жас бақытты болғай.
- D) Мезгіл жетсе, мұз ерір.
- E) Шеткі үйде өзінің ағасы Тәкежаннан үйреніп кепті.

16. Күрделі үстеуді табыңыз.

- A) Күндіз келіп көл жағасында, камыста жатады.

- В) Көксерек өзгелерді ілгері жіберді.
- С) Бұның екеуін бір күнде күздігүні жер қарада алған.
- Д) Шетінен Көксерекше батыл.
- Е) Тыным алмай баяғы іздерімен жүрді.

17. Одағайдың мағыналық түрлерін көрсетіңіз.

- А) шақыру, жекіру, көңіл-күй
- В) тыйым салу, көңіл-күй
- С) жекіру, тыйым салу, шақыру
- Д) көңіл-күй, шақыру
- Е) жекіру, көңіл-күй, шаттану

18. Анықтауыштық қатынаста матаса байланысқан тіркесті табыңыз.

- А) Жайықтың толқындары.
- В) Арманға бірге барайық.
- С) Сәулелі өмір.
- Д) Шарықтап кетті.
- Е) Лағыл тас.

19. Бұйрықты сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

Бұл мәселемен өзгелер айналыссын.

- А) бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрі
- В) бұйрық райдың 2-жақ көпше түрі
- С) бұйрық райдың 2-жақ жекеше сыпайы түрі
- Д) бұйрық райдың 2-жақ көпше сыпайы түрі
- Е) бұйрық райдың 3-жақ көпше түрі

20. Жақсыз сөйлемді анықтаңыз.

- А) Аталы сөз атан түйеге татиды.
- В) Соған дейін мәселені шешіп қалу керек.
- С) Оқу басталатын уақыт жетті.
- Д) Күлме досқа, келер басқа.
- Е) Дәкеңе сәлем берейін.

21. Не, немесе, болмаса жалғаулықтарының көмегімен талғаулы салалас жасаңыз.

- А) Көзқарасы дұрыс, ешқашан қарсылық көрсеткен емес.
- В) Дәрмен ұшып тұра келсе, қармағы су бетінде қалқып барады.
- С) Мен бұл адамдардың ортасынан кетуім керек, барша жанға тынымсыз болатын зұлымдықты қоюым керек.
- Д) Әжесі ертегісін аяқтады, Аяулым қызыға тыңдап қапты.
- Е) Ұшақ Арқалыққа кешігіп келді, бұны ағасы күтіп алды.

22. Сұраулы сөйлем түрінде келген төл сөздің төлеу сөзге айналу жолының дұрысын көрсетіңіз.

- Енді кері қайтуға бола ма? – деп сұрады жауынгерлер.

- А) Жауынгерлер қайтуға рұқсат сұрады.
- В) Жауынгерлер кері қайтуға болатынын сұрады.
- С) Жауынгерлер кері қайтуға болмайтынын сұрады.
- Д) Жауынгерлер кері қайтатынын айтты.
- Е) Жауынгерлер енді кері қайтуға болатын, болмайтынын сұрады.

23. Тырнақшаның дұрыс қойылған орнын көрсетіңіз.

- А) «Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы
- В) «Мемлекеттік банкінің бөлімшесі»
- С) «Әл Фараби» атындағы университет
- Д) «Алматыдағы кондитер фабрикасы»

Е) Ғ.Мұстафин. «Өмір белестері». Алматы-84

Сөйлем соңында келген қыстырманы табыңыз.

А) Жақсы ағаның өкіріп жылағанын көрмесем, бәлкім, келісіп қалар ем.

В) Әйтеуір, жақсыңды асырып бағамыз.

С) Бұларыңызға мен де қосыламын, әрине.

Д) Не дәурен өтті деп, сірә, ешкім мазаламағанға ұқсайды.

Е) Бір қызығы, осында келгенімді ешкім көрген жоқ.

24. Үтірдің қойылу себебін анықтаңыз.

Шамасы, осы жерден төрт шақырымдай болар.

А) қаратпа сөз

В) қыстырма сөз

С) одағай

Д) көнерген сөз

Е) құрмалас сөйлем

25. Бастауышты дәлелдеп түсіндіруші мүшені табыңыз.

Біздер, жастар, ел сенімінен шыға білейік!

А) қыстырма сөз

В) бірыңғай мүше

С) қаратпа сөз

Д) оңашаланған айқындауыш

Е) одағай